

## СТРАТЕГИЯ ПРОФСОЮЗА "ПАРАСАТ"

В КазНУ прошла ежегодная отчетная конференция членов локального профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби.



Отчитываясь о работе за 2018 год, председатель профсоюза Талгат Мекебаев подчеркнул, что сильная профсоюзная организация — это объединение активных, сознательных и грамотных работников. Только через сильную организацию члены профсоюза получают возможность вести достойные переговоры с работодателем и добиваться лучших условий труда. «Наш Президент Н.А. Назарбаев постоянно обращает внимание на улучшение жизни казахстанцев — и это становится главной задачей профсоюза», — отметил профсоюзный лидер.

Сегодня в профсоюз входят более 4,2 тыс. человек, в том числе 183 ветерана. Они объединены в 32 структурных подразделения. В отчетном году прибавилось два подразделения — Центра медицины и биотехнологии и факультета информационных технологий.

За отчетный период в рамках социальной защиты работникам и ветеранам университета оказывалась адресная материальная помощь, выделялась компенсация за санаторно-курортное лечение. Все это стало возможным благодаря поддержке руководства КазНУ во главе с ректором Г.М. Мутановым.

Каждому подразделению, исходя из количества работающих, выделяются талоны на льготное питание. Нарушений в распределении талонов не выявлено. Регулярно проводились встречи с арендаторами для

устранения недостатков в организации питания. Ведется работа по организации на территории КазНУ охраняемых автостоянок, проверке работы столовых и буфетов, определению скидок на оплату обучения детям, чьи родители работают в КазНУ.

Проведены такие общеуниверситетские культурно-массовые мероприятия как: спартакиада «Здоровье», «Неделя чистоты», конкурс на лучшую юрту, приуроченный к Наурыз, День защиты детей и др. Очень хорошо зарекомендовали себя однодневные туры выходного дня посещения достопримечательностей Алматы и Алматинской области.

Важное место в социальной политике профсоюза «Парасат» занимает организация летнего оздоровительного отдыха. На льготной основе распределяются путевки в СОЛ КазНУ на оз. Иссык-Куль (Кыргыстан), дотируются путевки в казахстанские санатории.

В ходе отчетной встречи руководитель профсоюза подробно ответил на интересующие участников собрания вопросы. В целом работе профсоюза была дана положительная оценка. В завершение встречи были названы лучшие профсоюзные подразделения университета и выбраны новые члены профкома.

Профсоюз «Парасат»

## Заман талабы – ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Кезекті ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-мен 20 жылдан астам уақыт тығыз қарым-қатынас орнатқан жапониялық қор өкіліне жоғары біліктікті қызметі мен университетпен жемісті ынтымақтастығы үшін қордың арнайы өкілі Ониши Юмиға алғыс хат табыстаумен басталды.

ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов «Қиыр Шығыс кафедрасы халықаралық қатынасты дамыту мақсатындағы жапониялық қормен ұзақ жылдар жұмыс істеп келеді. Қордың негізгі міндеті — жапон мәдениетін тарату. Қор мамандары біздің оқытушылардың біліктіліктерін арттыруға көмектесті. Жапон қоры кітаптар, оқулықтар, аудио және бейне материалдар ұсынды. 1995 жылдан бері қор университетімізге оқу материалдарына 2 млн. йен берді. Мамандарымыздың біліктіліктері қажетті деңгейге жеткендіктен, наурыз айынан бастап қор университетіміздегі жұмысын тоқтатады», — деді ректор.

Білім беру жүйесін жаңғырту — адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты. Сондықтан да білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер қазіргі заманда әрбір азамат жетістікке жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жанаша жолдарын меңгеруді қажет етеді. Білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған ректорат мәжілісінде бірлескен және косдипломдық білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы кеңінен талқыға салынды.

Жалғасы 2-бетте

## Халықаралық бағдарламалардың маңызы

Негізі 1934 жылы қаланған Қазақ ұлттық университетіне бүгінде 85 жыл толып отыр. Осыншама уақыт аралығында өз беделін мемлекеттік және әлемдік дәрежеде де нық ұстап тұр. Университет елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси жақтарына сөзсіз, сапалы мамандарды даярлау арқылы үлкен үлесін қосуда. Онымен қоса, Қазақстанның түкпір-түкпірінен жас талапкерлер ҚазҰУ-ды аңсап келеді.

Соның ішінде, 23 жылға жуық уақыт көлемінде ҚазҰУ туризм саласының мамандарын даярлап келеді. Салыстырмалы түрде бұл жана мамандық, дегенмен маңызы айтарлықтай жоғары. Қазақстанның туристік әлеуетінің айтарлықтай жоғары деңгейде болуына байланысты, туристік құбылысты жан-жақты зерттейтін және туристерге сапалы қызмет көрсететін білікті мамандарды даярлау қажеттілігі туды.

Жалғасы 5-бетте

ЛИДЕРСКАЯ ЛЕКЦИЯ



2-бет

ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ



6-бет

ЗАМАНҒА САЙ БЕТБҰРЫС



8-бет

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## Заман талабы – жаңашылдық

Мінбеге шыққан әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары басқармасының басшысы Жанна Саксенбаева «Бүгінде университетте 60-тан астам білім беру бағдарламалары жұмыс істейді. Университет қос диплом және академиялық ұтқырлық сынды бағдарламалар бойынша жыл сайын мамандар даярлайды. Осы ретте болашақта бәсекеге қабілетті, білікті маманға жауапты білім ордасы ретінде университет білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіруде шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуды мықтап қолға алған», – деді Жанна Саксенбаева.

Кезекте білім мен ғылымды қатар ұштастыру қажет деген ұстанымды ұстайтын экология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Айжан Амангелдіқызы «Институттың негізгі мақсаты экология және сыртқы ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулерді жоспарлау, оны ұйымдастыру және қамтамасыз ету, жоғары дәрежелі кадрларды дайындау, арнайы өндіріс салаларына және биология, химия, география факультеттерінің оқу процестеріне ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін енгізу және оны өңдеуге бағытталған», – деді директор. Сондай-ақ ол институттың соңғы жылдардағы қаржыландыру сомасы,



ғылыми-зерттеуге тартылған ғалымдар және халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу мақалалар санының артқанына жекелей тоқталып өтті. Мәжіліс барысында Оңтүстік Корея ыссапарының есебі туралы тұрақты

даму институтының директоры Рафис Абазов баяндама жасап, жиында өзге де өзекті мәселелер кенінен талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ӨТТІ

22-23 ақпан күндері Алматы қаласында «Шет тілдер» мамандықтар бойынша студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасы өтті. Пәндік олимпиада жазбаша және ауызша екі кезеңнен тұрды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының 3 курс студенті Динора Сұлтанова С1 деңгейінің сынақ тапсырмаларын орындап, бірінші айналымнан сәтті өтті. Екінші кезеңде француз тілінде зерттеу жобасын қорғады. «Лингвомәдени аспектідегі шетел ғылымы мен әдеби сынының заманауи тұжырымдамасы» тақырыбында зерттеу жобасын жақсы қорғаған Динора Сұлтанова ҚР БЖҒМ дипломымен, ал ғылыми жетекшісі А.Камзина мақтау қағазымен марапатталды.

Іс-шараның мақсаты – тіл мен шеберлік дағдыларының бәсекеге қабілеттілігін бағалау.

Жалпы тіл білімі және Еуропа тілдері кафедрасы

## АРАБ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да апта бойы жүргізілген «Араб тілін оқытудың заманауи әдістері» атты республикалық семинардың жабылу салтанаты өтті. Аталмыш семинар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Нұр-Мүбәрәк Ислам Египет университеті және Мысыр мәдениет орталығының бірлесуімен жүзеге асты.

Республикалық семинардың соңғы күнінде доктор Мухаммад Ражаб Абдулбари «Наһу, сарф (синтаксис, морфология) қағидаларын төрттілдік дағды арқылы үйрету» тақырыбында дәріс оқып, бұл дағдыларды қалыптастыру барысындағы кедергілерді атап өтті. Тындау және түсіну арқылы белгілі бір тақырыптар бойынша түсінік қалыптастыру, зер салу, оқу барысындағы және оқудан кейінгі тілді жаттықтыру тәсілдері, сол тілде әңгіме өрбіту және тақырыпты сезіне алу мен оны жазу арқылы бекіту тәсілдерін түсіндірді. Келесі дәріскер доктор Али Ибраһим абу Халифа «Араб риторикасын мәтіндер арқылы үйрету» тақырыбын ұсынып, оқыту тәсілінің ерекшеліктерін баяндап берді. Семинар барысында отандық және шетелдік оқытушылар бір-бірімен пікір алмасып, араб тілін меңгерудің жаңа заманауи әдістерін

талқылап, тіл үйренушілерге араб тілін оқытуда кездесетін қиындықтар мен кедергілердің шешу жолдарын қарастырды. Сондай-ақ семинарға қатысқан оқытушылар Франциядағы *دورما* орталығынан онлайн-лекцияларын тыңдауға мүмкіндік алды.

Семинарға қатысқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің 1995 жылғы түлегі, араб тілі пәнінің оқытушысы Г.Е. Имашеваның пікірі бойынша, халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік семинарлардың ұйымдастырылуы, араб тілін үйретуші мамандардың кәсіби біліктілігін жан-жақты көтеруге және тілді оңай үйрететін жаңа әдістерді шығаруға себептігін тигізеді.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы



QYSQA-NUSQA

Krasnoarsk қаласында өтетін Ұниверсиадада барлығы спорттың 11 түрінен 76 жұлде жиынтығы омыталады: биатлон, тау шаһғысы спорты, керлинг, шаһғы жарысы, сноуборд, шаһғымен спорттық бағдарлау, конкймен манерлеп сырғанау, фристайл, хоккей, допты хоккей, short-trek.

Reseidiñ Krasnoarsk қаласында өтетін 2019 жылғы qysqy ынiversiadaға әл-Фараби атындағы QazUÝ-dan спорттың үш түрінен фристайл-акробатика Janbota Aldabergenova 4 кырс, манерлеп сырғанау Jansaia Adyhanova 1 кырс, short trek Nurlybek Beiseev 2 кырс стýденти қатысатыны анықталды.

\*\*\*

2019 жыл 6 наурыз сағат 11:00-де жылнаистика факýлтеи №230 T.Qojakeev атындағы акт залында әл-Фараби атындағы QazUÝ-н 85-жылдығына орай дәстүрлі Барманқолов оқулары аясында «Qazaqstandaғы қоғамдық сананы жаһғыртýдағы телевизия және радио жылнаистика» атты ғылыми-тәжйрбелік конференсия өтеди.

Konferensia jumysy medianaryqqa мамандар дайындау мәселеci, буқаралық коммýникасия қуралдарын зерттеу әдистерi, mediaндыстрианың өндирiстик мәселелерiн зерттеуге арналады.

Гылыми алқасоз қарсаһында жылнаистика факýлтеи стýденттерiне арналған байқау уымдастырылады. Ен үздик стýденттик ғылыми және shyғармашылық jumystарға арнай дипломдар мен demeýshiler tarapynan sylyqтар tabys etiledi.

\*\*\*

Almaty қаласында Halyk Arena Muz saraiyнда robototeknikadan ынiversitetter арасында «ITU Robocon 2019» respýblikalyq chempionaty өттi.

Chempionatqa respýblika бойынша ынiversitetтердiң ен үздик он бес komandasы қатысып, óзара бақ synasty. Olардың қатарында mehanika kafedrasynың докторanty Bekzat Amanov bastaған әл-Фараби атындағы Qazaq ultтық ынiversitetiniñ «KazNU mechanics» komandasы da boldy. Komanda жарыс барысында дайындауларының жоғары деңгейде еkendigin көрсетip, жүлделi II-shi орынға ie boldy. Komanda мүsheleriniñ deni mehanika kafedрасы robototeknika саласының стýденттерi – N.Nýryllaev, E.N. Joldasov, B. Sagıtjanov, Z. Rahmatýlla.

\*\*\*

Әл-Фараби атындағы QazUÝ-дың koreitaný орталығының директоры German Nikolaevich Kim korei және басқа da shet тilderin оқытын стýденттерге арналған көshбашшылық дәристегi jetistik formýласы týралы көpshilik қауыммен бóлисті.

Professor G. Kim Qazaqstannың енбек сиһрген қараткерi болып tabылady, ol бирнесhe тилди erkin меһгерген және әлемниñ көптеген ынiversitetтерiнде shaқырылған professor retinde дәрис оқыды. Shығыстану факýлтетiнде óткен аталмыш kezdesý барысында professor көshбашшылықты damytý, бәсекеге қабилетилікті artтырý және mansapтық óсы тақырыбын тереһрек қозғап, onың бағыттарын көрсетти. Professor G. Kim shet тilderdi меһгерý tabысты mansap қурыға басымдық беретинін атап өттi. Ol стýденттерге әгiлi Vengr айдармашысы, polglot және жазышы, әлемниñ көптеген тilderin erkin меһгерген Kato Lombтың «Men shet тilderin қалай оқымын» атты kitabын оқыға кеһес берди.

«Kato Lomb Ý=V+I суақты formýласы бар, буl қарапайым formýла арқылы шығарылады. Kez kelgen тилди үренý барысындағы jetistik ol jumsалған ýақыт пен қызығышылықтың somасына теһ еkendigin көрсетеди. Al meniñ formýлам Ý=VhM, iaғни tabys motivasiaға аз ýақыт тәyeldi, eger қурамдастардың biri нólге теһ bolsa, onda қорытынды да соған саіkes болмақ» - деп óз пикирiмен бóлисті.

## ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы ирантану бөлімінің ұйымдастыруымен «Ел бірлігі – ең асыл қасиет» атты тақырыпта Қазақстан Республикасындағы Тәжікстан Консулдығының Бас консулы Баходур Назирдің қатысуымен кездесу өтті.



Шарабарысында Бас консул екіеларасындағы тығыз қарым-қатынастардың орнағанын айтып, бүгінгі Тәжікстанның саясаты мен ғылым мен білім саласындағы жаңалықтары жайында баяндап берді. Кездесуге қатысқан Қазақстандағы «Сомониён» тәжік мәдениеті және әлеуметтік қауымдастығының президенті Саидмурод Шарипов Қазақстан халықтары арасындағы тату-тәтті қарым-қатынастардың маңыздылығын айта отырып, екі елдің ынтымақтастығын нығайту бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Өз кезегінде «Сомониён» тәжік мәдениеті және әлеуметтік қауымдастығының вице-президенті Иноятуллохон Валиев мырза,

Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысына ризашылық білдіріп, Республика көлемінде қызмет атқарып жатқан тоғыз тәжік мәдениеті орталығы туралы тілге тиек етті. Кездесу барысында факультет деканы мен Бас консул екі елдің жоғары оқу орындарының студенттері арасында академиялық алмасу керектігін айтып, сондай-ақ алдағы уақытта консулдық пен факультетте өткізілетін мәдени шараларды бірлесіп өткізу мәселесі де талқыланды. Кездесу соңында студенттер қонақтарға арнайы парсы тілінде өлеңдер оқыды.

Шығыстану факультеті

## HERE TECHNOLOGIES ӨКІЛІМЕН ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

География және табиғатты пайдалану факультетінде "Геодезия және картография" мамандығында оқитын студенттер "HERE Technologies" компаниясының аймақтық өкілі Ажар Нұртазинамен кездесті.

Шарада "Community Challenge 2019" сандық картография саласындағы халықаралық студенттік байқау туралы презентация көрсетілді. Студенттік байқаудың негізгі мәні өндірістік тәжірибе кезінде Мар Creator бағдарламасында нақты жердің сандық карталарын өңдеуге бағытталған. Модератордың тапсырмасы бойынша студенттер осы жер картасының 5000 қашықтықтағы нүктесін цифрлау бойынша арнайы тапсырманы орындап, жұмысты сәтті аяқтаған студенттерге сертификат табысталды. Егер студент тәжірибеден өту кезінде 7000 немесе одан да көп нүктеге дейін цифрлау жасайтын болса, оның кәсіпорны 2019 жылы Сочиде өтетін цифрландыру саласындағы халықаралық байқауға қатысу үшін барлық

қаржы шығындарын өтеумен ұсынылатын болады.

Цифрландыру бойынша халықаралық конкурста қатысу кезінде тәлімгерлер басқа елдердің студенттерімен мобильді қосымшалар арқылы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алды. Шара соңында картография және геоинформатика кафедрасы және "HERE Technologies" компаниясының өкілі Ажар Нұртазина сандық картография саласында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау бойынша бірлескен ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізді.

Картография және геоинформатика кафедрасы



## МЕДИЦИНА МАМАНЫНЫҢ ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ

Медицина және денсаулық сақтау факультетінде қысқы мектеп аясында саясат және денсаулық сақтауды ұйымдастыру кафедрасының профессоры Андрей Гржибовский арнайы дәріс өткізді.

Тақырып деректерді статистикалық өңдеудің көп өлшемді әдістемесіне арналды. Тыңдаушылардың айтуынша, бұл шеберлік-сыныптың негізгі ерекшелігі күрделі материалды баяндауға қол жеткізу болды.

Дәріс барысында қатысушылар мысалдар талдап, күрделі тапсырмалар орындады. Берілген білім халықаралық жарияланымдар үшін өзіндік деректерді өз бетінше өңдеу үшін қажет. Қазіргі уақытта деректерді статистикалық өңдеудің көп өлшемді әдістері жетекші шетелдік биомедициналық журналдарда жарияланған ғылыми мақалалардың 90% - дан астамына қолданылады. Қазақстандық және ресейлік басылымдарда деректерді өңдеудің көп өлшемді әдістері сирек кездеседі. Алайда, көптеген жоғары оқу орындарында посткеңестік кеністікте тек бір өлшемді ғана емес, сонымен қатар көп өлшемді әдістерді қолдану диссертациялар дайындау кезінде жоғары деңгейде ұсынылады. Еуропа университеттерінде көп өлшемді әдістерді қолданбай диссертацияны қорғау мүмкін емес.

Профессор А.М. Гржибовский Норвегия, Швеция, Финляндия, Эстония және Ресейде ғылыми зерттеулер жүргізу әдіснамасын оқытудың он бес жылдық тәжірибесіне ие. Ол СММУ (Архангельск к.) Орталық ғылыми-зерттеу зертханасының директоры және СШФУ (Якутск к.) қоғамдық денсаулық, денсаулық сақтау, жалпы гигиена және биоэтика кафедрасының профессоры болды. Ол 500-ден астам ғылыми жұмыстың авторы, олардың көпшілігі халықаралық басылымдарда



жарияланған. Оның жетекшілігімен шетелдік ғылыми кеңесші ретінде қырықтан астам PhD доктор дайындалды.

Лектор денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жеткілікті математикалық дайындығының болмауын назарға ала отырып, негізгі зерттеу міндеттері мен бар деректердің түріне байланысты практикада қолданылуы тиіс әдістің түрін көрсету болып табылатындығын тілге тиек етті. Дәріс барысында деректерді өңдеудің қандай да бір әдістерін қолдану нәтижелерін түсіндіруге және оларды ұсыну тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінді.

Медицина және денсаулық сақтау факультеті

## ФОРМУЛА УСПЕХА

О формуле успеха на лидерской лекции для студентов изучающих корейский и другие иностранные языки рассказал директор центра корееведения КазНУ им. аль-Фараби Герман Николаевич Ким.

В ходе встречи на факультете востоковедения доктор исторических наук, профессор кафедры истории университета Конгук (г.Сеул, Ю.Корея), вице-президент Ассоциации корейцев Казахстана затронул тему развития лидерства, повышения конкурентоспособности и карьерного роста. Он также поделился своим опытом достижений и ответил на интересующие студентов вопросы.

Профессор Г.Ким отметил, что владение иностранными языками дает преимущество в построении успешной карьеры. Поэтому необходимо постоянно повышать уровень владения языками и развивать навыки синхронного перевода. Он порекомендовал студентам прочитать книгу известной венгерской переводчицы, полиглота и писательницы, свободно владевшей многими языками мира Като Ломб «Как я изучаю иностранные языки».

«У Като Ломб выведена простая формула, которую можно отобразить как  $U=V+I$ , что

означает: успех в изучении любого языка равняется сумме потраченного времени и проявленного интереса. У меня формула получилась иной:  $U=V \times M$ , т.е. успех зависит от времени, помноженного на мотивацию, и если одна из составляющих будет равна нулю, то и итог будет соответствующий» - поделился своим мнением гость.

В завершение встречи студенты задали волнующие их вопросы по личностному развитию и карьерному росту, изучению иностранных языков, об особенностях и сложностях переводческой деятельности, и поблагодарили гостя за интересное и содержательное выступление.

Профессор Герман Ким является Заслуженным деятелем Казахстана, внёсшим значительный вклад в развитие корееведения, он свободно владеет несколькими языками, и читает лекции в качестве приглашённого профессора во многих университетах мира.

Кафедра Дальнего Востока



Жалғасы. Басы 1-бетте

# Халықаралық бағдарламалардың маңызы

Г.д., профессор С.Р. Ердаuletов кафедраның ашылуына зор ықпалын тигізді және туризмнің теориялық негіздемесін құрастырған, сонымен қатар қазіргі таңда студенттерге оқытылып жатқан бірқатар оқулықтардың авторы.

Қазіргі таңда рекреациялық география және туризм кафедрасы ашылған күнінен бастап география және табиғатты пайдалану факультетінің құрамында қызмет жасап келеді. Оған бірден бір себеп туристік құбылыстың қоршаған ортамен тығыз байланысты болуымен түсіндіріледі, ал аумақтың кеңістігін география ғылымы ғана толыққанды зерттейді. Қазақстанда туризм индустриясының толыққанды жүйесі әзірше қалыптаспаған жағдайда, оны қалыптастыру жаңа ғана басталып тұрған кезде, туристік мамандарды даярлау барлық заманауи бағыттарында ғылыми, жобалау-іздістіру, ұйымдастыру-басқару және педагогикалық шеңберінде қарастырылады.

2011-2012 жылдар аралығында Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында алғаш рет Дүниежүзілік туристік ұйымның «TedQual UNWTO» жүйесі бойынша халықаралық сертификаттау өткізіліп, Рекреациялық география және туризм кафедрасы беделді сертификатқа ие болды. «TedQual» сертификатын иемдену туристік білім беру саласындағы жоғары оқу орындары үшін өте маңызды, себебі ұйымның орнатқан талаптары білікті туристік мамандарды дайындауға бағытталған, олардың қатарында зерттеу жоспарының когеренттілігі, инфрақұрылым жағдайы мен педагогикалық демеу, саясат, әкімшілік басқарудың құралдары мен демеу механизмі, оқытушылар іріктеуіндегі айқын механизмдерінің және кәсіби даму үшін қолайлы жағдайлардың болуы, туристік сектордың сұранысына орай оқу бағдарламаларының өзектілігі белгіленген. Сертификаттың маңыздылығының тағы бірден бір себебі, ол Дүниежүзілік туристік ұйымнан берілетін жалғыз сертификат болып табылады.



«TedQual» алмасу бағдарламасы университет студенттеріне көптеген мүмкіндіктер береді, олардың ішінде сертификатқа ие жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушыларға тағылымдамадан өту, шәкіртақылар ұсыну, бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларына атсалысу, UNWTO TedQual жарияланымдарының басылымдарына редактор ретінде қатысу, UNWTO TedQual Worldwide жыл сайынғы іс-шарасына қатысу. Жалпылама, туристік саланы дамытуға бағытталған бұл бағдарламаның берер мүмкіндігі және қосар үлесі де үлкен. Рекреациялық география және туризм кафедрасының бұл құжатқа ие болып отырғаны сапалы оқу процесін, оқытушылардың біліктілігін дәлелдейді, сонымен қатар жоғары деңгейде дамуға мүмкіндік береді. Университетіміздің әлемдік аренадағы дәрежесіне және халықаралық жоғары оқу орындарымен қалыптасқан оңды қарым-

қатынастардың негізінде студенттерге академиялық мобильділік бағдарламасы арқылы бір семестр көлемінде шет мемлекетте оқу мүмкіндігі бар. Рекреациялық география және туризм кафедрасы Венгрия мемлекетінің астанасы Будапешт қаласында орналасқан Янош Кадолани атындағы Қолданбалы ғылымдар университетімен ерекше қарым-қатынаста. Өткен жылы кафедрамыздың төрт үздік студенті тәжірибе алмасып, күздік семестрлерін ҚазҰУ қабырғаларынан тыс өткізді. Онымен қоса, Ресей Федерациясының Белгород Ұлттық университетіне семестр сайын студенттер жіберіліп отыр. Осындай жоғары оқу орындарының қатарында Польша мен Ресейдің біршама университеттері, Швейцария, Нидерланды, Австрия университеттері бар. Магистранттар үшін Ресей мемлекетінің РУДН университетімен қос диплом бағдарламасы

2012 жылдан бері қолға алынып, жыл сайын кафедраның үздік 2-3 студенті жіберіледі.

Университеттің білім мақсатында тәжірибе алмасудан бөлек, ғылыми зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәжірибелерді ұйымдастыру мақсатында шет елдерге жіберу мүмкіндігін ұсынады. Олардың қатарында жаһандық дистрибутивтік «Abacus» жүйесі арқылы Сингапур мемлекетінде корпоративтік туризмді зерттеу мақсатында бакалавр және магистр студенттеріне жол ашады.

Бакалавриат студенттері үшін оқу бағдарламасы барысында «Sabre» жаһандық дистрибутивтік жүйесінің жасақтамасын үйреніп, тәуелсіз қолданушы сертификатын алуға мүмкіндіктері бар. Жаһандық жүйелердің туризм индустриясының мекемелеріндегі орны анық және университеті студенттерінің компьютерлік бағдарламаны еркін қолдана білуі еңбек нарығындағы позицияларын біршама жоғарылатады, себебі қазіргі таңда турларды, жекелей әуе билеттерін, қонақ үй нөмірлерін брондау қызметтері жаһандық дистрибутивтік жүйелер арқылы ғана жүзеге асады.

Жоғарыда аталған бағдарламалар шет мемлекеттерден құнды ақпарат және тәжірибе алмасу арқылы, білікті мамандардың қалыптасуына үлкен көлемде оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Қазақстан әлі де дамушы мемлекет болғандықтан дамыған мемлекеттердің моделінде туризм саласын дамыту өте қолайлы және нәтижелі болып саналады. Университеттің білім нарығындағы үздік позициясы осындай мүмкіндіктерге әкеліп отыр және бұл жерде тек ҚазҰУ-дың 85 жыл бойы қызмет етуінде емес, оның дұрыс саясат ұстануында.

**Үміт КӨШКІМБАЕВА,**  
*ғ.ғ.к., доцент*

## ДЕНІ САУ ҰРПАҚ — елдің ертеңгі жалғасы

**Денсаулық – жеке адамның басты байлығы. Денсаулық – адам тіршілігінің ең бірінші шарты. Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің ертеңгі жалғасы. Деніңнің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі – денсаулықтың белгісі. Денсаулық, спорт және Қазақстанның мәдени орталығы – Алматы қаласы туралы мәлімет беру, Алматы қаласындағы мәдени орталықтарымен таныстыру мақсатында Медеу мұз айдынына кураторлық группамызбен барып қайттық.**

Алып шаһар Алматының кез келген тұрғынына барып: "Қайда демалуға кеңес бересіз?" деп сұрасаныз, көп нұсқаның ішінде міндетті түрде "Медеу мұз айдыны" деген жауаптың болатыны анық. Іле Алатауының баурайында, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте тұрған айдын сонау 1972 жылы салынып, 2010 жылы қайта жөндеуден өткен және әлі күнге дейін еліміздегі маңызды спорттық нысандардың қатарына кіреді.

«Бірінші байлық – денсаулық», «Дені саудың – жаны сау», «Жаны саудың – тәні сау» деген мақал-мәтелдері адам денсаулығын күтуде терең тәрбиелік және философиялық маңызын осы күнге дейін жойған жоқ, бізде естен жоғалтпайық, уақытты босқа өткізбейік, осындай көрікті жерлерге барып тамашалайық.

**Г. ТЮЛЕПБЕРДИНОВА,**  
**Г. ГАЗИЗ,**  
*информатика кафедрасының оқытушылары*

**«Өскенде кім боламын? Қайда оқимын?» деген сұрақ бала кезімде көңіліме маза бермейтін. Ол уақыт та, көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Өзіме ең аяулы жандардың жанында жүріп, уақыт шіркіннің сынаптай зымырап өтіп жатқанын да аңғармаған екенмін.**

## Болашаққа бастар жол



11-сыныпқа аяқ басқан сәтімнен бастап менің таңдауым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болды. Неге? Себебі талай дарын да, ғалым да – осы оқу ордасының түлектері. Білімнің нәрімен осы жерде сусындасам, еш өкінбеспін деген ойға қалғаным жасырын емес.

2018 жылдың жаз айларында ҰБТ тапсырып, «Алтын белгі» мектеп оқушысы

атандым. Ерке өскен талапкер мен үшін қара шаңырақтың студенті атану ең үлкен қуаныш болды. Арманымды көңіліме медет етіп, қарт Каспийдің жағасынан келген мені Алатаудың баурайындағы ҚазҰУ өте жылы қарсы алды. Осылайша күз айларында менің ҚазҰУ қалашығындағы студенттік өмірім басталып кетті.

Биыл мен студенті атанған білім ордасына 85

жыл! Сол жылдарда ҚазҰУ әлемді мойындатып, талайды тамсандырған жоғары оқу орнына айналды. Еліміздің әр шетінен жыл сайын мыңдаған талапкер қара шаңыраққа арман арқалап жетеді. Қаншама ғалым мен дарын, талант пен ғаламаттарды елге танытқан оқу ордасында білім алу басыма бұйырған бақ болар, бәлкім!

Жастарды елдің болашағы көретін университетте «2019 жыл – жастар жылының» ресми жариялануы да жәй ғана сәйкестік емес. Жастар жылында жалынды жастар ҚазҰУ-ды талайға тағы бір мәрте танытары сөзсіз деп сенемін. Мен де өз еліме пайдам тиер азамат болуым үшін осы жылдан бастап көп еңбектенсем деймін.

Қорыта айтар болсам, ҚазҰУ болашаққа нық қадам бастырар саналы ғұмырдың бір айғағы іспетті. Мен – бүгінде ең атакты әрі мықты оқу ордасының студентімін. Мұхтар Әуезов пен Зейнолла Қабдолов ұстаздық еткен оқу кабинеттерінде білім алу – кез-келгенге бұйырмас бақыт. Қазірде менің болашағым айқын, әр естелігім жарқын. Себебі мен ең мықты студенттер ордасында білім нәрімен сусындаудамын.

**Айдана АҚЫЛ,**  
*филология және әлем тілдері факультетінің 1 курс студенті.*  
*Жетекші:*  
**Назира ДОСАНОВА**

**Қазақ білімі мен ғылымын, мәдениеті мен әдебиетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінсіз көзге елестете алмайтынымыз – шындық. Өйткені университет қабырғасынан тастүлектей түлей ұшып, ғылымдағы, өнердегі асқар-асқар биік шыңдарды бағындырған, әлемнің ішкі болмысын, табиғаттың тылсым сырлары мен сымбатын тануда өзіндік үлес қосқан азаматтар қаншама. Өрлігі мен ерлігі бар, білімі мен білігі терең азаматтарды тәрбиелеп, қатарға қосар ұлық шаңырақ – білім ордасы, университет болар, сірә.**

# Ғалым биігі



баспадан шығару ісіне атсалысып, оның уақытында және сапалы болуына бас-көз болады.

Осыдан кейін, 1979 жылы өзінің ұшқан ұясы, қасиетті қара шаңырақ – университетіне, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қайта оралады да, білім беру ісімен шұғылдана бастайды.

Б. Сағындықұлы филология ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін алу үшін 1994 жылы «Қазақ тілі лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары» деген тақырыпта диссертация қорғады. Оның «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деп аталатын монографиялық еңбегін ғылыми жұртшылық жылы қабылдады.

Берікбай ағай қолы босаса, балаларына, шәкірттеріне насихат сөз айтып, имандылық әліппесін үйретуден жалыққан емес. Осындай өз балаларына ауызша айтылған әңгіме желісі кейін үлкен «Ғаламның ғажайып сырлары» атты еңбекке айналарын басында бәлкім білмеген де болар. «Балаларыма имандылық жайын көп айтып, өзімнің кішкентайымнан әкемнен естіп-білгендерімді жеткізуге тырысып бақтым» – дер еді, бір ашыла сөйлескенде, бірде ортаншы ұлым айтқандарымды мұқият тындап болып, «Әке, осы айтқандарыңызды қағазға түсірсеніз, кеңес өкіметі тұсында теріс тәрбие алғандардың көбінің көкірек көзін ашар еді-ау» – дегені. Осыдан бастап, жатпай-тұрмай жазылып, көкіректе тұнып жатқан терең ой оймақталып, зерделі кілемдей жазыла түсіп өріліп шықты. Елге бара қалғанда, Б. Сағындықұлының жазған үлкен ғылыми зерттеулерін, монографиялық

еңбектерін сұрасаныз, ауылдағының бірі білер, бірі білмес, бірақ, «Ғаламның ғажайып сырларын» бәрі біледі, таласа-тармаса оқиды, түсінеді, түсініседі, бірге ой бөліседі. Өйткені бұл еңбек халыққа соншалықты түсінікті тілмен жатық жазылған. Әркімнің көкейінде тұратын «Құдай бар ма?», «Алла тағалла ғаламды не үшін жаратты?», «Ақырзаман бола ма?», «Көзге көрінбейтін рухтар», «Адам тағдырына араласатын күштер», «Діннің көбею себептері», «Әулиенің кереметі» т.б. сияқты сұрауларға өзіндік берер жауабы бар. «Аллатану ғылымының әліппесі» аталған бұл еңбекте былай делінеді: «Адам баласы дүниеге келгеннен кейін өз еркімен екі айрық жолдың біріне түседі. Бірі оңай – шайтанның жолы, екіншісі қиын – Алланың жолы. Шайтанның жолы жердің бетін жапқан қарға ұқсайды, себебі онда еш нәрсе өсіп-өнбейді. Бұл жолдың оңайлығы мынада: әркімнің өз ойына не келсе, соны істеуге хақысы бар. ... Құдайдың жолы түгін тартсаң, майы шығатын құнарлы топыраққа ұқсайды. Адамгершілік, ізгілік, имандылық, жоғары мораль – бәрі-бәрі осы топырақтан өсіп-өнеді. Алла жолының қиындығы мынада: әркім өз ойына келгенін істей алмайды, өйткені Алланың әмірімен пайғамбарлар салып берген сара жол бар, нұсқау бар. Одан шығып кетуге болмайды». Осындай қия басып, бұра тартқызбайтын тұжырымды ойларды, имандылыққа ұюды шым-шымдап жүрекке жеткізетін бұл кітаптың оқушыға берері мол екені қазіргі уақытта баршаға белгілі.

Өреліні төрге жеткізер толғақты ой мен толымды тағылым бар бұл кітапта. «Бардан бар шығады. Бүкіл ғаламның негізі материя болса, ол – Алланың нұрынан шыққан нұр»; «Адам баласы дүниеге келгеннен кейін, ең алдымен, үш нәрсені тану керек: бірінші өзін, екінші ғаламды, үшінші Алла тағаланы. Пенде өзін танымайынша, ғаламды да, Алла тағаланы да танымайды. Жаратушысын танымаған адам – парызы бола тұрса да – оған тағат-ғибадат етпейді», – дейді ғалым. Яки, өзінді өзін таны, ғылымды менгер, Алланы біл деген тағылымды түсінесің, ойынды жинақтай түсіп, қайта ойлана бастайсың. Ғаламның ғажайып сырлары мол, оны терең түсіну қиынның қиыны. Б. Сағындықұлы еңбектің екінші бөліміне «Адам ата мен Хауа ана» қиссасын бірінші рет қазақ тіліне аударып, түпнұсқасымен қоса береді. Жалпы қалың көпшілікке түсіну үшін, әрі ғылыми жұмыс жазатын ізденушілер үшін таптырмас қымбат дүние болып есептелетін бұл еңбектің мәнін ғылыми қауым жақсы біледі.

Университетте ұзақ жыл білім берумен айналысқан ұстаз-ғалым көптеген іргелі зерттеу еңбектер жазды. Әсіресе, «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты монографиясының орны бөлек. Өйткені мұнда біраз уақыт бойы, әсіресе, кенестік кезеңдегі бедел-ғалымдардың аузымен айтылған, көбі ғылыми аксиомаға айналған кей пікірлерге шүбә келтіріледі, өзіндік жаңаша ғылыми тұжырымдар айтылады. Жаңаша ғылыми ойдың айтылуының бір мәнісі, біздің пайымдауымызша, ғалымның көне түркілік, орта түркілік мұралар тіліндегі деректерді толық менгергенімен, тілдік деректерді салыстыра-салғастыра зерттей алуымен, математикалық логикаға, геометриялық теорияларға сүйенгенімен байланысты болуы керек. Ғалым еңбегінің басты ерекшелігі тіл тарихын силлобофонемалық (автор «түбіртек» деп атайды) деңгейде зерттеуі. Түркі тілдерінің даму тарихы мен ішкі даму табиғатын тілдік деректер негізінде түсіндіретін ғалым түбіртектер жүйесін анықтап, олардың мағыналық құрылымын саралайды.

Тіл тарихын зерттеуші, ата тілдің негізіне реконструкция жасаған, этимолог-ғалым ағамыз өмірін осы мәселеге арнады. Біз 80-жылдар шәкірттері Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінің жазылуының куәгері болдық. Ғалым ағамыздың алғашқы шәкірттерінің бірі ретінде орта ғасыр ескерткіштері тілі бойынша арнаулы курс тындадық. «Құтты білік», «Диуани лұғат-ит түрк», «Ғиббат-ул хақайық» және т.б. ортағасырлық ата-бабалар мұраларымен бізді таныстырып қана қоймай, талай ғасырлар қойнауында жатқан сөздер мен түбірлердің шығу төркінін, олардың бір қалыптан, екінші қалыпқа көшу эволюциясын қазіргі және көне жазба ескерткіштер негізінде ұстазымыз ұзақ та қызық баяндайтын.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі, профессор Б. Сағындықұлына 2005 жылы Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихаты сессиясының шешімімен «Қармақшы ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. 2007 жылы Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл» медалімен, 2009 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми кеңесінің шешімімен «ҚазҰУ-ға – 75 жыл» құрмет белгісімен, 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі елеулі еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

**А. САЛҚЫНБАЙ,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

## АҚИЫҚ АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдығы аясында қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 88 жыл толуына байланысты екі мерекеге орай әдеби-танымдық кеш өтті. Кештің мақсаты – Елбасы жолдауында жарияланған 2019 жыл – жастар жылына орай жалпы жалынды студент жастардың басын біріктіріп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев қоржынындағы поэзиялық туындыларды, өміріне қатысты естелік баяндамалар оқу арқылы еске алу кеші болды.**

Осы мақсатта ҚазҰУ-дың белсенді студент жастары Мұқағали Мақатаевқа арналған еске алу кешін өзгеше форматта екі топқа бөлініп өлеңдерін оқу, сұрақтарға жауап беру және ребус шешу арқылы өзара топтық жарыс түрінде ұйымдастырылды. Топтық жарыс бірінші және екінші курс студенттерінің арасында өткізілініп екі курс арасындағы поэзиялық жарысқа ұласты. Жарыс барысында бірінші курс студенттері Мұқағали шығармашылығымен тереңінен сусындағандықтарын дәлелдеп, өздерінің белсенділіктерімен көп ұпай жинап алдыңғы

орынға шықты. Нәтижесінде жеңімпаздарға Мұқағали шығармашылығынан кітаптар сыйға тартылып әдеби-танымдық кеш жоғары деңгейде өткізілді. ҚазҰУ студенттері поэзияға жақын екендіктерін Мұқағалидың шығармашылығын жатқа білетіндігін тағы да бір дәлелдеді. Сонымен қатар біздің студенттер Мұқағали Мақатаевқа арнаған өз шығармаларын оқып кешті әдемі қорытындылады.

**Т. МУХАЖАНОВА,**

*т.ғ.к., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті*

## ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ

Филология және әлем тілдері факультетінің жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.д. Г. Мәдиева, доцент Ж. Ибраева педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті Р.Қасымованың ұйымдастыруымен ҚазҰУ мұражайы аясында «Лингвистика» мамандығының студенттері мен 2 курс докторанттары қатысқан «Ұлы даланың жеті қыры: тіл мен мәдениет» атты шығармашылық кездесу өтті.



Шығармашылық кеште – казакдраматеатры сахнасында өзіндік орны бар, жан-жақты болса да, қарапайым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дарын мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» орденінің иегері, актер Бекжан Тұрыс арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Театр. Қара шаңырақ. Жан сарайыңды байытып, рухани нәр алдырар өнер тарландарының шоғырланған мекені. Бос уақытта алып-ұшып жетіп барар біз секілді жастарына құшағын айқара ашып, құнарлы да құнды көңілге ой тастайды. Ондағы өнерпаздардың жан шуағын бойыңызға сіңіріп, бір серпіліп-ақ қалатынымыз рас...

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында қызмет еткеніне отыз жылдан асып, осы уақыт аралығында 50-ден астам рөлді сомдаған Бекжан Тұрыс өнерсүйер қауымға белгілі, танымал тұлға. Жиренше болып төрелік айтса, Қожанасыр болып күлдірді, ақсақал болып өсиет айтса, Біржан, Шәмші болып ән салды. Рөлдерін жәй сомдап қана қоймай, көрерменнің жан дүниесіне төңкеріс жасайтындай терең монологтар оқыды. Ұлттық сананы оятуда, қазақ қоғамының қазіргі мәселелері оның ішінде бабадан қалған ұлы сөзді сахнадан «Ұлым, саған айтамын, ұлтым сен тында» атты моно спектаклімен жеткізе білді.

Кездесу барысында төл өнеріміз бен мәдениетіміздің қазіргі жағдайына шолу жасалып, дамуына бағыт бағдар берілді. Елбасының «Рухани жаңғыру» жобасын

тілге тиек ете отырып, тіл мен мәдениеттің айналасында біршама сауалдарға жауап алдық. Көргені мен түйгені көп актер Бекжан ағамыздың тұшымды ойлары мен өткір пікірлері студенттерге тәрбие дәнін сепкендей болды.

Аға буын өнер иесіне бала буын Алматы қаласындағы П. Чайковский атындағы музыкалық колледжінің студенттері – Шакенбаев Мұхамедәлі, Әзімбаев Мейірбек, Ыбырай Асылбек сынды күйші жігіттеріміз Құрманғазының «Балбырауыны» мен Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйлерін тарту етті. Жас та болса талант иесі әнші Алуа Кабдырахман әуезді әнімен, керемет ұлттық нақышта халық әні «Аққұмды» орындап, кеш қонақтарын ерекше сүйсіндірді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін» – деген еді, яғни ұлт болашағын ойлайтын Бекжан ағамыз сынды адал азаматтарымыз ел арасында өз өнерімен, ақыл парасатымен ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, азаматтық борышын өтеуде.

Жастардың рухани-адамгершілік тұрғысынан дамуына, тәрбиеленуіне үлес қосатын іс-шараларымыз ҚазҰУ шаңырағында жиі өткізіліп тұрады... Бұл тәрбие, мәдениет ошағы музей аясындағы ісшаралардың бір бөлшегі ғана...

Сымбат ИГЛІКОВА,  
Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА

В программных статьях Первого президента Казахстана Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «7 граней Великой степи» поставлена задача модернизации общественного сознания казахстанцев для построения единой нации сильных и ответственных людей.

## Наследие Великой степи

Как отметил Елбасы, исторический процесс в массовом сознании носит преимущественно персонализированный характер. Многие народы заслуженно гордятся именами великих предков, ставших своеобразными послами своих стран.

Также обращается внимание на то, что Великая степь явилась родиной выдающихся людей планетарного масштаба – таких, как аль-Фараби и Яссауи, Кюль-Тегин и Бейбарс, Тауке и Абылай, Кенесары, Абай и многих других.

Одним из ключевых проектов модернизационного процесса признано формирование актуальной галереи образов великих мыслителей, поэтов и правителей прошлого в современной литературе, музыке, театре и изобразительном искусстве, и большое значение в этом призван сыграть креативный потенциал казахстанской молодежи.

Весь мир активно обращается к своему историческому прошлому, черпает силы в героике и патетике предков. В учебно-образовательном парке-энциклопедии «Великие имена Великой степи», который планируется создать под открытым небом, будут представлены скульптурные памятники в честь знаменитых исторических деятелей

и их достижений. Это будет способствовать воспитанию у подрастающего поколения патриотических чувств и гордости за родную страну и народ, а также популяризации нашего исторического наследия за рубежом.

Практически во всех странах мира существует аналогичные проекты. Так, в России он действует в формате общенационального конкурса, в котором граждане выбирают имена выдающихся соотечественников в онлайн режиме для присвоения 45 аэропортам страны. А национальный архив Армении представил миру проект «100 имен» о прославившихся армянах.

Поставленная Первым Президентом страны задача систематизации и активизации деятельности по созданию и распространению научно-популярной серии «Выдающиеся личности Великой степи» – «Ұлы Дала тұлғалары», уже воплощена в КазНУ им. аль-Фараби в серии книг «Өнегелі өмір».

Указанные выше проекты призваны стать платформой, соединяющей горизонты прошлого, настоящего и будущего казахстанского народа.

С. УДЕРБАЕВА,  
к.и.н., кафедра истории Казахстана



## «ПУНКТ НАЗНАЧЕНИЯ»

На факультете химии и химической технологии КазНУ рошла научно-познавательная игра-квест «Пункт назначения», организованная научным студенческим обществом факультета (НСО).

Цель мероприятия – содействие реализации творческого потенциала студентов, углубление познавательного интереса к изучаемым специальностям, повышение уровня химической культуры, развитие информационно-коммуникативных компетенций обучающихся и активного поиска.

В квесте приняли участие пять команд, участниками которых стали студенты с первого по четвертый курсы факультета. Только правильный ответ давал возможность переходить в следующий пункт и получить звание самой быстрой и эрудированной команды.

По результатам состязания, победила команда «Senate». Второе место заняла команда «513б», третье «ОПП». Команды занявшие призовые места были награждены грамотами и

ценными призами.

НСО факультете химии и химической технологии играет важную роль в профессиональном становлении студенческой молодежи, которое в течение учебного года активно проводит различные мероприятия, такие как: «Битва эрудитов», «ChemWay», и «Intelligence Game». Его председателем является студентка третьего курса специальности «Химическая технология органических веществ» Елдосова Аксында.

А. АДІЛХАН,  
студентка 2 курса, активист НСО;

М. ДЮСЕБАЕВА,  
к.х.н., ассоц. проф., председатель НИРС  
факультета химии и химической технологии

## ӨНЕР МЕН БІЛІМНІҢ ҚЫЗҒАЛДАҚТАРЫ

Өнер дейтін – алып жартас, биік шың! Бұл тұрғыда, нәзік жүректі, қазақи тәрбиемен сусындап өскен, өнер мен білімнің көкжиегін қатар ұстап, тұмар еткен – география және табиғатты пайдалану факультетінің, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының, кадастр мамандығының 1-курс студенттерінің өнерін көпке мақтаншыпен айтуға болады.

Әсем Шүкірхан, Әйгерім Оразхан, Еңлік Бақытжан секілді өнерлі қыздарымыз бүгінде есімі елге белгілі, ҚР мәдениет қайраткері, білікті маман, белгілі хореограф Галина Есмұханбетованың басшылығымен жұмыс атқарып келе жатқан әйгілі балет «Бақыт» би тобының құрамында өнер көрсетіп, жұлдыздарын жандырып келеді.

Топ құрамына кіргелі талай асулар мен белестерді бағындыруда. Ең алғашқы қатысқан жобалары, факультеттер арасындағы ең тартысты жарыстардың бірі – «1-курс таланттары». Сайыс қорытындысы бойынша «Ең үздік би тобы» номинациясын жеңіп алған болатын. Сонымен қатар, «Жыл тандауы – 2018» атты музыкалық жүлде беру сайысында өз өнерлерін көрсетті. Бүгінгі таңда алға қойған мақсаттарына жету жолында талмай еңбек етіп, тер төгуде.

Қорыта келгенде, Галина Есмұханбетова би өнері арқылы қыздарымыздың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастырып, өз халқының төл рухани мәдениетінің қыр-сырын, салт-дәстүрін білген тұлға елінің патриоты ғана емес, өзге ұлттың да болмысын құрметтей білетін, яғни ұлттық санасы биік, өркениеттің көшіне ілесер жан-жақты азаматша тәрбиелеп жатқаны сөзсіз.

Балет «Бақыт» би тобына және біздің мамандығымыздың мақтаншы жас өнер иелеріне жемісті жетістік тілей отырып, үлкен сенім артамыз!

Д. ЕКЕЙБАЕВА,  
П. БАКИРБАЕВА,  
география,  
жерге орналастыру және кадастр  
кафедрасының оқытушылары

**Зерделеп қарасақ, болашаққа нық қадам басатын кез-келген ел жас буынды мемлекеттің басты тірегі деп біледі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылды Жастар жылы деп атауды ұсынуының өзі жұртшылыққа, әсіресе еліміздің жастарына серпіліс беріп, бойларына жігер сыйлағандай. Студент жастарға білім беріп жүрген оқытушы болғандықтан, Елбасы Жолдауына қолдау білдіріп, өз ойымды білдіре кетуді жөн көрдім.**



«Жұмыспен қамту – 2020», «Әрбір отбасына «7-20-25» бағдарламасы аясында баспана алудың мүмкіндіктерін беру», «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» сынды бағдарламалар қолға алынып, еліміздің жастарының түйткілді мәселелеріне шешім тауып келе жатқаны жасырын емес. 2014 жылы іске қосылған «Серпін» бағдарламасының мақсаты да – еліміздің оңтүстігіндегі жастарды кадр тапшылығын көріп отырған солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде оқытып, жұмысқа орналастыру. Аталған бағдарлама бойынша

елімізде жұмыссыздықты азайту да көзделген. Жастар жылында бұл бағдарламалар одан әрі кемелденіп, өрісін кеңейтері анық.

Жастар жылының ашылуына орай үстіміздегі жылдың 23 қаңтарында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты салтанатты ашылу рәсімі өткен болатын. Бұл форумда еліміздің жетістікке жетіп, халыққа қызмет етіп жүрген жалынды жастары өз жұмыстарының барысымен, нәтижесімен бөлісті. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы да өз сөзінде жастарға үлкен міндеттер жүктеп, сенім артты. «Әсіресе, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдірудің, мейірімділік

пен адамгершілік қасиеттерін дарытудың маңызы зор. Ата-бабамыздан қалған салтымыз бар: кішілер үлкенді сыйлайды, ерлер әйелді сыйлайды. Батысқа ілесеміз, демократ боламыз деп, бәрін ұмытып кетуге мүлде болмайды», – деді Елбасы жастарға.

Білім беру мәселесі жайлы сөз қозғар болсақ, өткен жылдың көктемінде Елбасының «Бес әлеуметтік бастамасы» жарияланған болатын. Осы бастама аясында студенттерге қосымша 20 мың грант бөлінді. Тегін білім алу мүмкіндігі кеңейтілумен бірге, елімізде жаппай жатақханалар құрылысы басталды. Алдағы екі жылда 10 044 орындық жатақхана пайдалануға берілсе, 2022 жылдың соңына дейін 75 мың орынға арналған жатақханалар студенттердің игілігіне беріледі деп жоспарланған.

Елімізде қазіргі таңда 4 млн-ға жуық жас бар. Олар жалпы халықтың 22 пайызын құрайды екен. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Барлық жастарды елімізге қызмет етуге, қай салада болса да нағыз маман боп еңбек етуге шақырамын.

**Жәнібек СЕЙДУЛЛА,  
Мұхтар ИСАТАЕВ,  
жылуфизика және  
техникалық физика кафедрасы**

**Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» жобасы аясында «2019 ЖАСТАР ЖЫЛЫНА» орай «Жалынды жастар – Қазақстанның жарқын болашағы» атты университет аралық іс-шара өткізді.**

Биыл елімізде жастарға басымдылық беріліп, Елбасы халыққа арнаған Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялағаны бәрімізге мәлім. Осыған орай өткізілген іс-шараның мақсаты да, еліміздің өркендеп дамуына кәсіби шеберлігін шыңдаған мамандардың үлес қосуы, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуін жүзеге асыруда рухани, әлеуметтік, экономикалық тұрғысынан жас мамандардың жақсы өмір сүру қағидаларының орындалуын жүзеге асыру болып саналады. Бұл шараға жастарымыздың білім, салауатты өмір салты жолында пікір алмасуға және нақты кәсіпкерлік пен жеткен жетістіктерімен бөлісуге және өзге жастарға ой тастап, тәжірибелерімен бөлісуге өз факультетіміздің кәсіпкерлікпен айналысатын түлектерімен, өзге де жоғары оқу орындарының студенттері, соның ішінде Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, Евразия технологиялық университеті және өзіміздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жылуэнергетика» мен «Стандарттау және сертификаттау» мамандықтарының білім алушыларының қатысуымен өткізілді.

«Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының доценті Жұманов Мерген Әмірұлы сөз алып, еліміздің ертенгі болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие алуы мен отан сүйіштілік қасиеттің дамуы аса маңызды екендігін, және қазіргі заманның талабы білімді, кәсіби білікті, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты, шешімдерді қабылдауға қабілетті, ақпараттық технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты жаңашыл тұлғалы жастарды қалыптастыру болып табылатынына және олар біздің ертенгімізді жалғастыратын, жасампаздық эстафетасын қабылдап алып, алға қарай қарыштап, жылжып, жоспар-естерімізді одан ары дамытып, елге танытатын ұрпақ екеніне тоқталып өтті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің келешегі – бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» – деген. Бұл жөніндегі жастардың пікірі туралы

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінен келген оқу үздіктері Амантай Абылай мен Қаулыбек Айзада да өз ой пікірлерін білдірді. Олар өздерінің тәуелсіз Қазақстанда өмірге келгендерін, тәуелсіздікпен бірге ержетіп келе жатқанын және еліміздің арайлы таңының пердесін тек белсенді жастар ғана аша алатынын, қазіргі таңда тек өз мамандығының шеберлері ғана еліміздің өркендеп дамуына үлес қоса алатынын атап өтті.

«Жастар жылы» – біз үшін үлкен мәртебе! «Жастай берген тәрбие, жас шыбықты игендей» дей келе, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс жылуэнергетика мамандығының студенті оқу үздігі Чахалов Аслан қоғамда даму үдерісін ілгерілетудің жетекші күші жастар екендігін және Елбасының халыққа арнаған Жолдауындағы жастарға берілетін басымдықтарға тоқталып өтті.

Оқу бітіруші түлектердің мамандықтарына сәйкес жұмыс істеуінің әлеуметтік-экономикалық астары түптеп келгенде еліміздің даму индексі анықтайды. Білікті маман шығару және оны жұмыспен қамтамасыз ету білім беруші және жұмыс ұсынушы мекемелер арасындағы бар байланысқа жаңаша сипат беретін болады. Еліміздің өркендеп даму стратегиясы жүзеге асатын болса, ал әлеуметтік тұрғыда жас маманның жақсы өмір сүру қағидалары орындалатын болады. Кәсіби шеберлігі шыңдалған маман қоғамымыздың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

«Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүгінгі жастар елдің болашағы екеніне бәріміз кәміл сенімдіміз. Бүгінгі күннің жалындаған кемел жастары қандай қарекет етуде? Жетістіктің жеті кілтін табу жолында ерінбей еңбек етіп келе жатқан, өз факультетімізден білім алып сусындаған түлегіміздің бірі «Зейін» оқыту орталығының директоры Таннұр Бақытқазы сөз кезегін алып, кәсіпкерлік жолындағы кездескен қиындықтарымен, сол қиындықтарды қалай жеңіп, қалайша тынымсыз еңбек етіп келе жатқанын және қазақ жастарының болашақта цифрлік ақпаратты меңгеріп, өзге өркениетті дамыған елдердегідей еңбектенуіне мақсат етуін ұсынды. Сонымен қатар, өзі білім алған оқу орнының білім алушыларымен әр қашанда өз тәжірибесімен бөлісуге әзір екендігін жеткізді.

Елбасының жолдауы «Жоғары оқу орны саласында қызмет ететін педагогтарға тың серпіліс әкеліп, жаңа форматта маман даярлау және оның



жұмысқа қабылдану траекториясын айқындаудағы басты бағдарымыз», – деді.

«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» дегендей, кафедрамның аға оқытушысы, сонымен қатар Алматы облысы, Талғар ауданындағы «Quantum» білім беру орталығының директоры Байжұма Жандос Ескендірұлы кәсіпкер психологиясы мен мүмкіндіктері жайлы ойымен жастармен бөлісті. Жастар нені ескеруі тиіс? Білікті кәсіпкер болу үшін осы жұмыстың негізін, атап айтқанда оның мәні мен мазмұнын, таным түсініктерін және т.б. жете меңгерген дұрыс.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Отанымыздың қоғамымыздың, біздің бабаларымыздың, жастардың тамаша келешегі бар екендігіне сенімділігін, ал бәсекеге қабілетті Қазақстанның әлемдегі экономика мен қоғамдастыққа табысты кірігуінің кілті – жастарда» деген сөзі біздерге сенім дей келе өзі жас бола тұра, өзінің білімі, тапқырлығы мен еңбекқорлығы арқасында 3 курс студенті Донтайұлы Жігер «EDISON» дистанционды оқыту орталығының қазіргі таңда Республика деңгейінде «Онлайн Физика» қызметін қалай ұйымдастырып, дұрыс жолға қалай қойғаны туралы өзінің әріптестерімен

сыр бөлісті. Студенттік жастарға бос уақытында инстаграм мен әлеуметтік желілерде уақытын текке өткізбей, қосымша табыс көздерін табу жолдарын қалайша іске асырауға болатынына тоқталып өтті.

«Жалынды жастар – Қазақстанның жарқын болашағы» атты рухани-танымдық іс-шарамыздың соңында «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының профессоры Бөлегенова Салтанат Әлихановна қорытындылап, бүгінгі іс-шараның өткізілуі еліміздің өркендеп дамуына кәсіби шеберлігін шыңдаған жас мамандардың үлес қосуымен жүзеге асырылатынына, сонымен қатар олардың қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуде зор маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға ризашылығын білдіріп, мазмұнды да мағыналы, тұжырымды кеңес пен ой тастаған жалынды жастарға физика техникалық факультетінің деканы атынан алғыс хаттар табыстады.

**М. ЖҰМАНОВ,  
жылуфизика және  
техникалық физика кафедрасының доценті;  
М. АСЕМБАЕВА,  
куратор-эдвайзер**

**С 1 марта начнется IX международный конкурс научно-исследовательских работ школьников по механике и математике имени У. Джолдасбекова**

